

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2023 жылғы 25 қаңтарда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінде «Әскери ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» атты тақырыпта, тарих ғылымдары докторы, әскери ғылымдары профессоры, Ресей академиясының академигі, «Құрмет» орденінің кавалері Сайран Шаймерденқызы Мұхамеджанованың 70-жастық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіледі.

Конференцияның мақсаты: Қазақстан Республикасының әскери ғылым мен білімі даму болашағы және қалыптасу тарихының мәселелерін қарастыру.

Конференцияда келесі сұрақтар қарастырылады:

1. Әскери теория және тәжірибе: мемлекеттің Қарулы Күштеріне замануи сын-қатерлер және оларды шешу жолдары.

2. Қазақстан Республикасының әскери-тарихи ғылымы: қалыптасу тарихы және даму болашағы.

3. Қазіргі кезеңдегі жоғары әскери білім: мәселелері және даму болашағы.

4. Әскери қызметшілерді идеологиялық және әскери-патриоттық тәрбиелеу сұрақтары: «Бізде бір Атамекен, бір Отан – Тәуелсіз Қазақстан».

Уақытты тиімді пайдалану үшін конференция пленарлық отырыс форматында жоспарланған.

Конференция материалдары жинақ түрінде жарыққа шығарылады.

Конференцияға қатысушыларды тіркеу 2023 жылғы 25 қаңтарда сағат 15.00-15.30-ға дейін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің фойесінде өткізіледі.

Конференция сағат 15.30-да басталады. Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияны өткізу орны: Астана қ., Тұран даңғылы, 72, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы ұлттық қорғаныс университеті.

Қатысу шарттары.

Конференцияға қатысу үшін қатысуға өтінім мен баяндаманы 2023 жылдың 20 қаңтарына дейін ұйымдастыру комитетінің электрондық мекенжайына: admin@nuo.kz Г.А. Альшимбаеваға жолдау қажет (ішкі тел. 13-633) немесе университеттің пошталық мекенжайына: 010000, Астана қаласы, Тұран даңғылы, 72, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті, факс: 8 (7172) 60-08-60;. Ұйымдастырушы: полковник А.С. Макипов (ішкі тел. 12-339).

Қатысуға өтініш формасы:

Қатысуға өтінім түрі:

Тегі, аты-жөні, толық жазылады

Лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, әскери шені

Ұйым, мекеме атауы

Байланыс телефоны
Электрондық мекенжай
Баяндама тақырыбы
Техникалық құралдарды қажет ету
Конференцияға қатысу түрі (іштей, сырттай)

Баяндаманы дайындау барысында авторлардың келесі ережелерді басшылыққа алуын сұраймыз.

Баяндама мәтіндері 5 толық параққа дейінгі көлемде Word 97-2007 мәтіндік редакторында терілуі қажет, шрифті Times New Roman (қазақ тілінде – Times Kaz), кегль 14, тармақаралық арақашықтық - 1, барлық шектері - 20 мм. Тақырыптаманың ресімделуі: автордың тегі және аты-жөні (бас әріптермен, жолданың ортасымен түзеу), келесі жолда – оқу орнының, мекеменің, қаланың атауы (жолданың ортасымен курсивпен түзеу), бір жолдан кейін мақала атауы (бас әріппен қанық түспен, жолданың ортасымен түзеу), содан соң бір жолдан кейін мақала мәтіні.

Суреттер, кестелер және сызбалар ГОСТ 7.32-2001 талаптарына сәйкес ресімделеді.

Дереккөздерге сілтемелер мәтінде келтіріледі: төртбұрышты жақшада әдібиеттер тізіміндегі нөмір және парағы көрсетіледі, мысалы: [1; 25 б.]. Әдібиеттер тізімі мақала соңында цитат келтіру реті бойынша беріледі.

Көрсетілген мерзімнен кешіктіріліп ұсынылған немесе талаптарға сәйкес емес рәсімделген материалдар қарастырылмайды және авторларға қайтарылмайды.

Конференцияға қатысушылардың жол ақысы, қоныс ақысы және тамақтану ақысын іссапарға жолдаушы тарапы есебінен төленеді.

Конференцияның ұйымдастыру комитеті